



***Ағартушылық кезеңінің қайраткерлері.  
Еуропа мен Солтүстік Америкадағы революциялық  
идеялардың таралуындағы ағартушылық  
идеялардың рөлі***

Ағартушылық – бұл еуропалық мәдениеттің және қоғамның идеялық дамуындағы адам санасының шешуші рөл атқаратын қолдаған маңызды тарихи кезең

Ағартушылық – ХҮІІ ғр ІІ жарт мен ХҮІІІ ғр соңы аралығында болды

Ағартушылар - саяси бостандық пен азаматтық теңдік үшін күресті, жаңа қоғамдық тәртіпке қол жеткізу үшін білімді таратуға үлкен мән берді.

Ағартушылар - әртүрлі таптар мен сословиелерден: дворяндар, дін қызметшілері, қызметкерлер, сауда-өндіріс аясынан шыққандар т.б. Болды

Ағартушылық көзқарастар – ең алдымен Франция, Англия АҚШ, Ресей елдерінде кеңінен тарады

# Англиядағы ағартушылық




*Джон Локк (1632-1704 жж) –  
Ағартушылық идеяның негізін  
салушылардыі бірі, ағылшын  
ойшылы*

Либерализя идеясының негізін салушы, «билікті бөлуді» ұсынды. Адамның басты үш құқығын көрсетті: өмір құқығы, бостандығы, меншік

*Томас Гоббс (1588-1679 жж) –  
ағылшын ойшылы*

Қоғамдық келісім теориясының авторы, «мемлекет - саналы адамдардың қызметінің негізінде қалыптасады» деп түсіндірді




# Солтүстік Америкадағы Ағартушылық көзқарастар



Бенджамин Франклин

Америкадағы ағартушылық ұлт-азаттық қозғалыстар және елдегі революциямен тығыз байланыстағы қоғамдық ағым болды



Томас Джефферсон

Жазушы, ғалым және дипломат Бенджамин Франклин ағартушылық идеясының бейнесі болды. Ол өз дәуірінің ең әйгілі және құрметті тұлғасына айналды

«Тәуелсіздік Декларациясының» авторы – Томас Джефферсон, алғаш рет әділетті қоғамдық құрылымның негізі ретінде адам құқықтарын бекіткен талаптар тұжырымдаған болатын



# Франциядағы Ағартушылық кезең



Дени Дидро



Вольтер



Жан-Жак Руссо




Шарль Монтескье

*Ағартушылық кезең Францияда кеңінен таралды. Француз ағартушылары ғылым мен техниканың әртүрлі салаларындағы идеяларды алғаш рет үгіттеушілер – қоғамдық тұлғалар мен ғалымдарды, журналистер мен жазушыларды біріктірді*



1751-1780 жж «Энциклопедия» немесе ғылымның, өнердің және кәсіптің түсіндірме сөздігі» шығып тұрды. Редакторлары – Дени Дидро мен атақты математик Жан Лерон д’Аламбер болды. Сол кездегі ірі ғалымдар осы шығарылымда қызмет етті. Оларды *энциклопедистер* деп атай бастады. Олар өздерінің ашық көзқарастары үшін қудаланып отырды, ХҮ Людовик корольдің бұйрығымен алғашқы екі томы өртелді.





# «Ағартушылық абсолютизм»

Ағартушылық абсолютизм – ХУІІІ ғр ІІ жарт Еуропаның кейбір абсолютті монархтары (мемлекет билеушілері) жүргізген саясат. осының нәтижесінде алғашқы зайырлы мемлекеттер қалыптаса бастады.



**ІІ Екатерина  
(1729-1796 жж)**



**ІІ Иосиф  
(1741-1790 жж)**



**ІІ Фридрих  
(1712-1786 жж)**



Ағартушылық дәуірі Еуропаның мәдени дамуына үлкен ықпалын тигізді. Ағартушылық идеялары шенеуніктер мен буржуазияның санасында және ойында, әрекетінде берік сақталып қалды. Ағартушылық идеялары Батыс Еуропаның университеттерінің өміріндегі белсенділіктің артуына, неміс мәдениетінің жоғары өрлеуіне ықпалын тигізді. Оның идеялары Батыстың діни және қоғамдық дамуының жаңа кезеңін ашып берді